

Мекемтас Мырзахметов: «Ақшаны емес, арды ойлайтын ұрпақ келеді»

Биыл қазактың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлының 175 жылдық мерейтойы. Қазакқа мұра етіп қалдырған өлеңдері мен қара сөздері де бүгінгі таңда зерттеушілердің назарында. Әрбір сөзінің астарынан терең мән тауып, бүгінгі ұрпаққа ұғындырып жүрген ғалым, абайтанушы Мекемтас Мырзахметов мерейтой қарсанында «Абайдың толық адам ілімі» еңбегін тарту етіп, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде тұсауқесерін өткізді.

Жасы 90-нан асып жығылған Мекемтас атандың өзімен сұхбаттасудың сәті түскен еді.

– «Абайдың толық адам ілімі» қорытынды еңбегіндегі тұсауқесерін өткізіп алдыңыз. Қаншама жылдан бері қозғап келе жатқан «толық адамның» түйіні қандай болды? Бір тіркестің мәнін ашуға қанша уақытыңыз кетті?

– Абайдың 38 қара сөзінде «толық адам» туралы айтЫлады. Әуелі бұл не еken деп түсінбей жүрдім. Кейінрек ақынның басқа да шығармашылығын зерттеп жүргенімде жүйе бар екенін аңғардым. «Толық адамның» мәнін ашу үшін 20 жылдай іздендім. Бұл –теориялық және тарихи деңгейдегі кітап. Бүкіл қазактың жастарына сол толық адам ілімін оқытып, өзін рухани тазартуымыз керек.

Мұндай ілім басқа халықтарда жоқ және бұл бірден тұа салған емес, мұның тарихы әріде жатыр. Түркі халықтарында Алып Ер Тұңға деген өзі жомарт, бай кісі болған. Соның ақи деген ілімі болған. Ақи деген, яғни жомарттықты білдіреді. Ол замандарда да бизнес болатын. Әлгі кісі барған жерінде халыққа көмектесіп жүрген. Тапқанынан отбасына жететінін алады да, калғанын елге таратып беріп отырады. Мұндай үрдіс VII-XI ғасырда түркілерде кең тарайды. Бұл – ахидың дәүірі. Қазақтың «Бір жылдығын ойлаған бидай егеді, он жылдығын ойлаған тал егеді, мәңгілігін ойлаған баласының санасына ізгілік егеді» деген сөзі бар. Мен осыны ұстадым. Мұндай сөзді бұрын ешқандай ұлт айта алмаған. Ахидан кейін әл-Фарабидің «парасатты адам» деген идеясы шықты. Онда ел басқаратын адамның он екі түрлі қасиеті болуы керектігі айтЫлады. Одан кейін «Құтадғу білік», сосын «Кабуснама» шықты. Кейін мұны Ахмет Ясауи алып шығып, ол Абайға жалғанды. Ал осыдан соң барып XX ғасырдың басында Шәкәрімнің арғылымы шықты. Міне, бұл біз ұстануымыз тиіс алтын арқау.

– Қазіргі таңда еншімізді алған егемен ел болсақ та, байқаймын, еңбектеріңіз бен зерттеулеріңізде түркі халықтарын қоса алып жүрсесіз. Мұның астарында бір мақсат бар шығар?

– Мендік ой – түркі халықтарын біріктіру. Ол үшін бізге ортақ бір әліпбі қажет. Басымызды қоспасақ, мына Қытай бар ма, басқасы бар ма, бізді талап жеп, канай бермек. Тұбіміз бір түркі болғандықтан бір шаңырак астына бірігіп, «Шаңырак» деп аталатын газет шығаруымыз керек. Түркілердің бірігуінен олардың зәресі қалмайды. Себебі, кезінде бүкіл дүниежүзін баскарған біздер емес пе?

– *Иә, түркілердің басын біріктірудің бір жолы латын әліпбі дег отырсыз. Бірақ бұл тақырыптың қозғалғанына біршама уақыт болса да, әлі нәтижесін көрмей отырмыз. Біз қашан латын әліпбіне көшеміз?*

– Фалымдар ұсынған латын әліпбі біз үшін ыңғайсыз болып шықты. Олар 36 әріпті айттып отырса, оның 4-еуі орыстыкі. Оның бізге қажеті не? Латын әліпбін құрауға бар керегі 28 жарым әріп. Ахмет Байтұрсыновтың әліпбін қарасаңыз, сингармонизм заңына сәйкес келеді. Ал біздің грамматика орысқа табынғандықтан, үндестік заңын шетке қақты. Осылай ысыра берсе, қазақ тілі өліп тынады. Тәуелсіз мемлекет болғаннан соң мұндай мәселелерді өзіміз шешуіміз керек. Бірақ билік басында отырған өкіметтің көбі – шоқынған қазактар. Ада қазақ, шала қазақ, таза қазақ деп бөлемін ғой. Сол үкіметтің басында отырғандардың көбісі алдыңғы екеуі. Латын әрпін қабылдағаннан кейін орыс тілінің керегі жоқ. Ол кезінде міндетті, маңызды тіл болған шығар, бірақ қазір бүкіл информация ағылшын тілінде. Орыс тілінің шаруасы бітті, Путиннен кейін тарап кетер, шамасы. Қазақстан үшін мемлекеттік тіл де, ресми тіл де қазақ тіліне айналады. Ал ағылшын тілін өркениет тілі, әлем тілі, техника тілі ретінде пайдаланатын боламыз.

– *Шынын айтқанда, бұгінгі таңда университетте 4 жылдық бакалавр дәрежесінен соң, магистратура, докторантурасы қызығушылық артып, грант үшін білім алатындар көбейіп кетті. Осылайша, ғалым, РНД доктор атагын алып жсур. Бұган көзқарасыңыз қандай?*

– Қазіргі ғылым докторлары кандидаттан жаман. Қаптаған доктор, беріп жатқан білімі де, әкелген жаңалығы да жоқ. Қоғамдық ғылым әлсіреуде. Негізінен алып қарағанда біз еврейлерге жем болып жатырмыз. Қазіргі білім саласындағы система солардықі екені жасырын емес. Білім жүйесін былықтырып кеткен бір министр болған. Бұгінгі жүйе барымыздан айырды. Бұрынғы немістің жүйесі жақсы еді. Ғылыммен айналысатындар кандидаттық диссертация қорғайтын. Оның өзі талай сұзгіден өтуші еді. Комиссия мүшесінде мүйізі қарағайдай доктор, профессорлар отыратын. Ал қазір оңай. Кафедрада отырған жеті-сегіз адам қол көтерсе болғаны, әлгі магистрант немесе докторант енбегін қоргай береді. Еврейлердің журналы

бар, доктор болу үшін соған макалаң шығу керек болды. Саясат саясатымен өзгере береді, ал ғылым өз жолымен журуі тиіс.

– Ясауи мұрасы туралы жақсы пікілер айтып жүрсіз. Дәстүр сабактастығына негізделген дін туралы ұстанымды қөпшілік қолдайды. "Қазақтың өзіне ғана тән дін болмайды" дегенді алға тартады. Ясауи мұраларын қазіргі үрпақ қаншалықты таныды?

– Бұрын ауылдағы шалдар Қожа Ахмет Ясаудің шығармаларын жатқа айтып отыратын. Қылууетке түсіп, терлеп-тепшіп тазарып шығатын болған. Ол кісінің бүкіл материя туралы адамды рухани тазартатын хәл ілімі бар. Жана айтып өткен біздін тарихымызыдағы алты ілім бар емес пе, міне соның косындысын зерттеп, «Абайдың толық адам ілімі» кітабымды түйіндеп отырмын. Абай мен Ясаудің арқасында біз руханиятта қалдық. Қазіргі таңда олар Ясаудің еңбектерін зерттеуге талпынып, қызығып жүр. Неге? Еуропалықтар «Жан ғылымы көзге көрінбейді, оны зерттегеннен не пайда?» деп, тән ғылымын қолға алған еді. Ғылымды өкіртіп тұрып дамытты, техниканы жетілдірді. Ақыр сонында рухани жақтан азғындалып тынды. Қазір содан шығар жол таппай отыр. Олар рухани байлыкты бізден алмаса, басқа жол жоқ. Ал түркі халықтары материалистік көзқарастан тез шығып кетеді. Енді 100 жылдан кейін Еуропада мұрны иіс сезетін үрпақ келеді. Олар Құдайдың бар екенін мойындайды.

– Бүгінде білім ордаларында «Абайтану» пәні қандай деңгейде оқытылып жүр? Қоңліліңдерен шыға ма?

– Мектеп, университет кабырғасына енгізілгеніне қатты қуандым. Мұхтар Әуезов атындағы Онтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетіне келген ректор жөні тұзу азаматша екен. Кіріп ұсынысымды айтқаным сол еді, бүкіл факультетке «Абайтануды» міндеттеп қойды. Ал оқулық жағына келгенде көнілім толмайды. Кезінде бізге министрлік кітап шығарындар деп тапсырма беріп алғып артынан айнып қалған. Біреулер «Абайтану» деген үлкен кітапты ұсыныпты. Ішіне Абай туралы мақалаларды жинақтап шығара салған. Ол хрестоматия болуға да жарамайды. Гонорарды бермеу үшін, бізден тапсырманы алғып сол адамдарға жүктеді. Министрліктің өзін Құдай атқан. Оларға тек қаламақысын қайтадан өзіне тастап кететін авторлар қажет. Шындықты айтқаным үшін олар мені жек көреді.

– Енді бұл кітапты білім жүйесіне ендірмек ойда бар гой?

– Бұл зерттеу еңбек болғаннан соң ауырлау болады. Сондықтан арнайы оқулық жазып шықсам деймін. Ол қыын емес, бір жылда жасап беремін. Бірақ менің оқулығымды енгізсе жақсы. Мен қаламақымды қайтадан министрлікке тастап кететіндер қатарынан емеспін. Енді басшылыққа жана

жігіт келіпті. Өзі түсінетін бала сияқты. Ұсынысты қабылдаса, жоғарғы оқу орнына да, мектепке де лайықтап «Абайтану» окулығын жазып беремін.

– *Неге ашаршылық зардабын қазақтар мен украиндер көп тартты?*

– Үкімет қазактар мен украиндерден корықты. Себебі, украиндердің де ата тегі – тұріктер. Ресейге қараған 47 халықтың 57 пайызы біз едік. Кейін ашаршылықты колдан жасап, қыра бастады. Естілерді жинап атып таstadtы. Бізді оятпастан мәңгүрт еткісі келді. Мен мықты мәңгүрттенген адам едім. 10-сыныпта партияға өтіп, керемет берілдім. Кейіннен райкомда бөлімшешенің орынбасары болдым. Сол кездері шындыққа көзім жетті. Қайда барсан, орыс үстемдік етеді. Жок дегенде әр екінші адам орыс. Неге Ресейге барып біз солай отырмаймыз? Бізді де, украиндерді де адам болсын демеді. Ұмтылды, қырды, бәрібір дегендеріне жете алмады – Неден қорықты?

– *Қазақтың рухынан қорықты. Қазақтар өте «образованный» болды.*

– *Өзіңіз ғалым болмазанды кім болар едіңіз? Қабілетіңізді қалай ұқтыңыз?*

– Алматыдағы ҚазҰУ-ға журналистер факультетіне түсуге кандидат болдым. Алайда, ол жаққа барып оқи алмадым. Материалдық жағдай болмады. Атестатымды сонда қалдырғанмын. Барып алуға ақша жоқ. Сөйтіп, Шымкентте Крупская атындағы екі жылдық мұғалімдік институтқа оқуға түсіп, бір жыл білім алдым. Екі ұсыныс айтты: не стипендия, не тегін жатакхана деп. Бір өзбектің үйіне бес сом беремін. Қалғанын өзім аламын. Сосын шұлышқа фабрикасы бар болатын. Өзбекстаннан мақталар келеді бір «КамАЗ» түсірсем 5 сом береді. Мұндай жұмыстан адам болмайтыныма көзім жетті. Институттағы оқытушылар тіпті, менің білгенімді білмейді. Сөйтсем, олар ҚазПИ-де сырттай оқып, әрі жұмыс істейді екен. Өзімнің ойлаған деңгейімде білім нәрін бойыма сінірmedім. Солай мен де тәуекелге бел байлап ҚазПИ-ге, қазіргі Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті филология факультетіне оқуға түстім де кеттім. Барлық ғылым мен зерттеудің басы сол оқу орны болды.

– *Ақша мен мансап бізді қай уақытқа дейін билейді екен?*

– Қашан санамыз тазарғанша билей береді. Егер сананы өзгерте алсақ, балаларымызды дұрыс тәрбиелей алсақ, біз жеңеміз. Жастайынан перзенттеріміздің бойына мықтап құятын үш-ақ нәрсе бар: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. Осыдан толық адам қалыптасып, өзін-өзі рухани тазартып отырады. Ақшаны емес, арды ойлайтын ұрпақ келеді.

сұхбаттасқан Мәрия СӘУЛЕБЕКҚЫЗЫ, "Рейтинг" газеті